

Веренка негізгі жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылдарының 2 сыныбында атқарылған тәрбие жұмысының жылдық қорытынды есебі

2 қазақ класының тәрбие сағаттары жұмысы 1 қыркүйек күні «Мектебім-мейірім мекен» атты тәрбие сабагымен басталды. Бұл тәрбие сағатының мақсаты-өскелен ұрпақтың білімге құштарлығын қалыптастыру және жаңа оқу жылдарын алдында мереке атмосферасын құру, жаңа оқу жылдарында жақсы оқуга мотивация беру, әнгіме, сұрап-жауаптар жүргізілді. Сонымен қатар «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» тәрбие сағатында жаңуядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Ата-анаға деген бала маҳаббатын ояту. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтишті болуга тәрбиелеу. «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз!», «Адалдық пен әділдік» атты тәрбие сағаттары жүргізілді. Денсаулық күні қарсаңында «Денсаулық – зор байлық» атты спорттық іс-шара өткізілді. «Бірінші байлық-денсаулық» деген ұғымды кеңінен түсіндіре отырып, салауатты өмір салтын насихаттау. Тілдер мерекесіне орай, «Туган тілім-тірлігімнің айғағы» тәрбие сағаты сайыс түрінде өткізілді. Қазан айындағы тәрбие сағаттары да зор мерекемен басталды. 1-қазан «Қарттарым-асыл қазынам» атты тәрбие сағаты концерт түрінде жүргізіліп, оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, белсене қатысты. Ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстаз-ұлы тұлға» атты тәрбие сағаты концерттік бағдарлама ретінде өткізілді. «Киберқауіпсіздік дегеніміз не?», «Цифрлы әлемде қауіпсіз қадам», «Бала өміріндегі жәбірлену» сынып сағаттарында оқушыларға киберқауіпсіздіктің маңыздылығын, интернет желісіндегі қауіпті әрекеттерден сактану жолдарын үйрету, балаларға интернеттің қандай қауіп-қатерлерді жасыруы мүмкін екенін көрсету, интернет желісіндегі қауіпсіз тәртіп бойынша кеңестер беру, буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қынышылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты көңейту.

«Менің отаным-Қазақстан!» тәрбие сағатында жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, тұған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, Отанын, тұған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындаңай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу. «Күз кереметі» тақырыбында тәрбие сағаты сурет сайысы түрінде өткізілді.

Қорыта келгенде, 2 қазақ класында I тоқсан жоспар бойынша өткізілетін тәрбие сағаттары толығымен өткізілді.

2 тоқсанында тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді. Тәрбие жұмыстары мақсатқа сай ұймдастырылып, оқушылардың бойында танымдық, жан жақтылық пен жауапкершілік және ұйымшылдық қабілеттері қалыптасты.

Шығармашылығы мен жоғары танымдық қабілеті дамыған тұлғаны тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүргізілді.

Тәрбиелік жұмысы жоспар бойынша өтті. Тәрбиелік жұмыс класс сағаты мен кластан тыс уақытта жүргізіліп отырылды. Класс сағаты келесі тақырыптарға байланысты өтті. Қараша айында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тәрбие сағатымен басталды. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаңы мен тәніне үлкен зардал әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат берсе отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзакылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу. Сонымен қатар, «Тенге-тәуелсіздік келбеті» тәрбие сағаты сайыс түрінде өтті. Оқушыларды тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі тенгемен таныстыру, төл тенгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұмат беру, экономикалық терминдермен таныстырылды.

«Окушылардың күкіктары мен міндеттері», «Отбасы-алтын дінгею» тәрбие сағаттарында окушылардың негізгі күкіктары мен міндеттерімен гапыстыру, күкіктар мен міндеттер туралы білімдерін іс жүзінде колдана білу қабілеттің қалыптастыру, балалардың жанұя жарастығы туралы түсініктерін көнегіте отырып, отбасы құндылығының мәнін ашу, отбасы мүшелері және отбасындағы сыйластық туралы әнгімелету арқылы, отбасында жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

Желтоқсан айында «Достық – бәрінен қымбат», «Енбек түбі-береке», «Біз табиғатты қорғаудамыз!», «Тәуелсіздік-тұғырым!» тәрбие сағаттары еткізілді. Балалардың «дос», «достық» құндылықтары туралы түсініктері көнегіді. Окушылардың еңбек туралы түсініктерін көнегіту. Енбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру; еңбек жасай білу дағдыларын дамыту, еңбекке қызыгушылықтарын арттыру; еңбектенуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Окушылардың табиғат туралы түсінігін анықтау, табиғат – адам өмірінің тірегі екенін окушы санасына жеткізу, окушыларды табиғатты сүюге, оны қорғауга үйрету. Окушыларға бостандық, тәндік, тәуелсіздік ұғымдарын көнен түсіндіру, білімдерін көнегіту. Тәуелсіздік қасиетті ұғым екенін көз жеткізу, егемендігі, дамуы туралы мәлімет беру, тәуелсіздікке қалай жеткендігін баяндау. Окушыларды өз тәуелсіз елін сүюге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, отаншылдыққа, елжандылыққа, Отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу. «Булинг және оның алдын алу» тәрбие сағатында окушылармен ұжымда достық және сенімді қарым-қатынас орнату, жанжалдар мен жанжалдарды болдырмау қабілеттерін талдау. Балалардың келесі ұғымдарға деген теріс көзқарасын қалыптастыруды жалғастыру: булинг, зорлық-зомбылық, агрессия және т.б. күрдастарына және ересектерге толерантты қарым-қатынасты қалыптастыруды жалғастыру; қорлау жағдайларынан шығудың жолдарын таба білу қабілетін қалыптастыру.

Желтоқсан айының төргінші аптасында - «Кел, төрлет, Жаңа жыл!»

Бағыты: Интеллектуалды дамыту.

Құндылықтар: құрмет; функционалдық сауаттылық; өмір бойы білім алу
Мақсаты: Окушыларға Жаңа жыл мерекесінің маңызын, оның қуанышты әрі ынтымақтастыққа толы болуын түсіндіру. Сонымен қатар, Жаңа жылды қарсы алу дәстүрлерін насиҳаттау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу және жас ұрпақты жақсылыққа, ізгілікке, жаңа мүмкіндіктер мен бастамаларға ұмтылуға ынталандыру болып табылады. **Корытынды:** Жоспар бойынша қойылған іс-шаралар өз деңгейінде уақытылы еткізілді. Эр бала қамтылып жекелей, тоғтық, жұптық жұмыстар сонымен қатар ойын және Викториналық сұрақтар бойынша да жұмыстар жүргізілді. Окушыларға әр іс-шара кезінде мектеп ережесі мен ҚҚЖ ережелері 15 Минуттықта айтылып, қадағаланып отырылды. Балаларды еңбекке, әдептілікке, тазалыққа, адамгершілікке, үлкенді сыйлау мен кішіні құрметтеу жұмыстары жасалды.

Күтілетін итіже: Алдағы уақытта қамтылмай қалған бағыттар бойынша жұмыстар жасалынып, окушылардың ой-өрісі, тәрбиелік іс-шаралар әліде болсын жұмылдырылып жасалынады. Болашаға жарқын ұрпақтар тәрбиеленеді деген мақсат ескеріле келе, алдағы уақытқа жоспарлар көзделді.

З тоқсанды тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді. Тәрбие жұмыстары мақсатқа сай ұймдастырылып, окушылардың бойында танымдық, жан жақтылық пен жауапкершілік және үйимшылдық қабілеттері қалыптасты.

Шығармашылығы мен жоғары танымдық қабілеті дамыған тұлғаны тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүргізілді.

Тәрбиелік жұмысы жоспар бойынша өтті. Тәрбиелік жұмыс класс сағаты мен кластан тыс уақытта жүргізіліп отырылды. Класс сағаты келесі тақырыптарға байланысты өтті. Қантар айында «Бала және зан», «Зорлық- зомбылықсыз балалық шак» атты тәрбие сағаттарымен басталды. Окушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтту. Окушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген

орталарында мейірімді болуга, бұзакылық істерге бармауга, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауга, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу. Сонымен қатар, «Адалдық пен әділдік», «Қауіпсіз интернет» атты тәрбие сағаттыры өтті. « Қазақтың халқының ұлттық салт-дәстүрі» және « Кім жүйрік ойға, сол алда!» атты тәрбие сағаттары өтті. Бұл тәрбие сағаттары сайыс түрінде өткізілді. Балалардың деңгейлеріне байланысты әртүрлі қызықты тапсырмалар қолданылды. Сонымен қатар «Мінез - адам көрсеткіші», «Ізгіліктің бір ізі – алғыс», «Ана - өмірдегі ұлы есім!», «Күй күмбірі» атты тәрбие сағаттары уақытылы өткізіліп отырды.

«Наурыз – құт-береке бастауы!» атты сыныптан тыс мерекелік іс-шара өтті.


Оқушылардың көптеген көңілді көтеретің әншашулары мен мың бұрала билерің тамашаладық. Сонымен қатар, Наурызда ойнатылатын ойын түрлері де ойнатылып, ауылдың үлен кішілері бір-бірімен көрісті.

Қорыта келгенде, 2 қазақ класында 3 тоқсан жоспар бойынша өткізілетін тәрбие сағаттары толығымен өткізілді.

4 тоқсанда тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді. Тәрбие жұмыстары мақсатқа сай үймдастырылып, оқушылардың бойында танымдық, жан жақтылық пен жауапкершілік және ұйымшылдық қабілеттері қалыптасты. «Жер сағаты», «Салауаттылық - денсаулық негізі», «Адалдық пен әділдік», «Мәдениет - ұлт өмірінің айнасы», «Біз әртүрліміз, бір теңбіз» атты тәрбие сағаттары өткізілді. 12 сәуір -Гарышкерлер күніне орай «Ғылым және гарыш»атты тәрбие сағатты өтті. 7 мамыр- Отан қорғаушылар күніне орай «Ерлер жердің қорғаны, елдің тұтқасы..» атты тәрбие сағаты өттік. Кластың ер балдарына кішігірім көңілді ойын мен тақырыпқа байланысты түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, 9мамыр-Женіс күніне «Ер мен Жердің женсі» атты тәрбие сағаты өтті. Ұлы тұлғаларымызды Отан алдындағы борыштарын, ерліктерін еске алып, оқушылардың ішіндегі патриотизмдерін оята білдік. Әр жеке тұлға өзінің туып өскен отаның сүйіш, мақтан тұту керектігін ескере өттік.

Қорыта келгенде, 2 қазақ класында 4 тоқсан жоспар бойынша өткізілетін тәрбие сағаттары толығымен өткізілді.

2 қазақ класс жетекшісі:



Мукашева В.К